

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Тарихи-мәдени туризм» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«6В02206 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау»

Құрастырушы:

Баудиярова Қ.Б. т.ғ.к., Археология, этнология
және музеология кафедрасының аға
оқытушысы, т.ғ.к.

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі
және
атағы)

«Тарихи-мәдени туризм» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,
ұсынылды

«_____» _____ 2025 ж., хаттама

КІРІСПЕ

Студенттер «Тарихи-мәдени туризм» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Тарихи туризмдегі топонимика мен тарихи географияның рөлі
2. Дүниежүзі бойынша әр кезеңдегі туризмнің даму ерекшеліктері
3. Экомузей, этномузей, бекініс-музей, сарай-музей т.б. музей түрлері
4. Х. Колумб саяхаттарындағы туризм
5. Әлемдегі ең атақты аралдар, табиғат ескерткіштері.
6. ЮНЕСКО тізіміндегі бір қала-музейге зерттеу жұмысын жүргізу.
7. Халықаралық туризм нысаны: мұнаралар, мүсіндер
8. Халықаралық туризм нысаны: қорғандар, сарайлар, діни орындар.

9. Халықаралық туризм нысанындағы атақты музейлер
10. Оңтүстік Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер
11. Батыс Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер
12. Солтүстік Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер
13. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану туралы заңдар
14. Шығыс Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер
15. Орталық Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- туризм дамуының алғышарттарын талдау, саяхатшылардың жүрген жолдарына сызба жасай білу;
- туризмнің даму кезеңдерін, оның түрлерін саралау;
- туристік қалалар мен бағыттарды қалыптастыру мен дамытудағы музей және тарихи-мәдени туризмнің рөлін анықтау;
- туристердің әртүрлі санаттарының ерекшеліктері, туристік қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаттарын талдау;
- маңызды әлемдік және көркем тарихи-мәдени ескерткіштердің мазмұнын талдау және салыстырмалы баға беру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Алдашева А. Қазақстандағы туризмнің даму тарихы. – Алматы, 2010.
2. Актуальные вопросы теории и практики туризма. – Алматы, 1999.
3. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алма-Ата, 1982. – 169 с.
4. Ашурков В.Н., Кацюба Д., Матюшин Г.Н. Историческое краеведение. – М., 1980.
5. Карпова Г.А. Экономика современного туризма, М.– СПб, 1998. – 412с.
6. Строев К.Ф. Краеведение. – М., 1974.
7. Шалгынбаева С.Х. Музеи под открытым небом: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 102 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Алиева Ж.Н. Экологический туризм. – Алматы, 2002.
2. Алрисаков М.Б. Введение в туризм. – М., 1999.
3. Азар В.И., Туманов С.Ю. Экономика туристского рынка. – М., 1998.
4. Байтанаев О. Чудеса природы Казахстана. – Алматы, 2003.
5. Гуляев В.Г. Туристские перевозки. – М., 1998.
6. Долматов Г.М. Правовые основы туристского бизнеса. – М., 1997.
7. Дурович А.П., Копанев А.С. Маркетинг в туризме. – Минск, 1998.
8. Закон РК «О туристской деятельности в РК» Алматы, 2001.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ
«Тарихи-мәдени туризм» жазбаша тапсырмасы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100%	70–89%	50–69%	25–49%	0–24%
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	Тарихи-мәдени туризмді талдап, саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасау.	Тарихи-мәдени туризм мәселелері қамтылмаған, мазмұны көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген, терминдердің дұрыс қолданылмауы.	Толық емес жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап дайындалмай қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Тарихи-мәдени туризмге қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Музейлік терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.